**Зайнеттинова Динара Болатовна 6D120100 – Ветеринариялық медицина мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Желінсаумен ауырған сиырларды емдеуге иммуномодулдеуші және микробқа қарсы препаратты қолданудың тиімділігі» орындалған диссертациялық жұмысына**

**Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Өлшем шарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | Диссертация жұмысы 2018-2020 жж. АӨК саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер (О.0879) ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша: «Мал шаруашылығын асылдандырудың тиімділігін арттыру әдістері» оның ішінде 101-ші бағдарлама бөлімшесі бойынша: «Сүтті мал шаруашылығы саласында селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу» іс-шара бойынша: «Оңтүстік өңірде сүт бағытындағы сиырлардың көбею қабілетін арттыру» атты жобасы аясында орындалған. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады. Сүт фермаларындағы сауын сиырлардағы желінсаудың пайда болу себептері анықталғандығы дәйекті сипаттамалармен берілген. Сонымен қатар желінсаудың түрлерін ескере отырып антимикробты және иммуномодулдеуші препараттарды қолданудағы ізденістік жұмыстар клиникалық және фармакологиялық ұтымдылық тұрғысынан лайықты бағаланып, емдеу схемасы құрастырылған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Диссертациялық жұмысты жазу деңгейі жоғары. Ғылыми зерттеу жұмысы мазмұнының диссертациялық негіздегі құрылымы жалпы талаптарға сәйкес қамтылып, сипатталған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: | Диссертация өзектілігінің негіздемесі негізделген. Кешендік |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) негізделген;<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | зерттеудің клиникалық, зертханалық негізінде жүргізілген диссертациядағы сиыр желінсауының пайда болу себептерін анықтап және тиімді препараттарды қолдану тұжырымдалған.Сондықтанда диссертация тақырыбы ветеринариядағы өзекті мәселенің біріне арналған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>Диссертация мазмұны тақырыбына сай. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Диссертация жұмысының тақырыбы толықтай ашылып, мақсат және міндеттері орындалған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Диссертациялық жұмысты жазу барысында барлық бөлімдері бір-бірімен байланысып, бір бөлімінен кейін екінші бөлімі жалғасып, толық мазмұны ашылған. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сыни талдаулары бар. Әр бір зерттеу жұмысының нәтижелері басқа ғалымдардың зерттеулерімен салыстырылып, талқыланған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қағидаттар жаңа болып табылады. Желінсауды емдеуге қолданылып отырған антимикробты және иммуномодулдеуші препараттарды қолданудағы ізденістік жұмыстар клиникалық фармакологиялық ұтымдылық тұрғысынан лайықты бағаланып, нәтижелері берілген. |

AnyScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Өндіріс жағдайында «Дороб», «Дороб-К», «Нитрыб» препараттары жеңіл және оңай дайындалады. Бұл препараттар қабынуға, микробқа қарсы, тез жазылуға әсер ететін қасиеті бар болып табылады. Препараттардың құрамындағы заттар аз мөлшерде қолданылып, аз уақыт аралығында әзірленіп, желіннің қабынуын емдеп, өнімділігінің қалыпқа келуіне мүмкіндік берді. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Зерттеу жұмыстарына сай қажетті құралдар пайдаланылып, жүзеге асырылған. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Баспаға шығарылған өзекті мақалардан көруге болады нөлдік емес импакт-фактор базасына кіретін Web of Science, Scopus Q2 процентилі 63 (бір) мақала және Q3 процентилі 40 (бір) мақалада баяндалды |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа; | 7.1. Ереже дәлелденген.<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Ғылыми зерттеулердің алынған нәтижелерімен дәлелденгенгенін басылымға шыққан мақалалардан көруге болады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) кең<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Әдістеменің таңдауы - негізделген және әдіснама нақты жазылған. Клиникалық және лабораториялық әдістемені таңдауы негізделген және диссертацияның тиісті бөлімдерінде жеткілікті сипатталған |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) ия;<br>2) жоқ. | Зерттеу жұмысының қорытындылары анықталған, нәтижелері алынып, дәлелденген. Ауыл шаруашылығындағы өзекті мәселеге арналған, жаңашылдығы дәлелденген, практикалық мәні бар, толық аяқталған ғылыми жұмыс. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертациялық жұмыспен танысу барысында анық көруге болады. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде пайдаланып, зерттеу жұмыстары бойынша отандық және шетелдік әдебиеттер қолданылған |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) бар;<br>2) жоқ. | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Сиырларда кездесетін желінсаулардың таралуынан және оны емдеу шараларынан жүргізумен қатар, |

AnyScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | алынған нәтижелерді талдаудан тұрады |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Өндіріс жағдайында «Дороб», «Дороб-К», «Нитрыб» препараттары жеңіл және оңай дайындалады. Бұл препараттар қабынуға, микробқа қарсы, тез жазылуға әсер ететін қасиеті бар болып табылады. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, тәжіриде қолдануға болады |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Академиялық жазу сапасы жоғары. Ғылыми зерттеу жұмысы мазмұнының диссертациялық негіздегі құрылымы жалпы талаптарға сәйкес. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Диссертациялық жұмыста «Желінсаумен ауырған» создерді «Желінсауға шалдыққан» создермен аыстырған жон 2. «Зерттеу міндеттері болімінде» бірінші және екінші сурактарды біріктіру қажет секілді. 3 Зерттеу нысандары ретінде торт тұкымды сиырлар алынған кандай максатпен, түсініксіз? 4 Диссертацияның «Қорғауға шығаралатын негізгі ережелер болімінде» Сиырлардың желінсауы мен көбею мүшелерін емдеу үшін әзірленген препараттардың тиімділігін дәлелі деген мәлімдеме шығарылған,ал міндеттерде бұл сұрак қарастырылмаған. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың | | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша талаптарға сай жазылған. Барлығы 13 ғылыми мақала ғылыми жұмыстың жоғарғы деңгейін көрсетіп айқындайды. Scopus базасына кіретін, импакт- факторы нөлден жоғары 2 (екі) макала баяндалған. |

AnyScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Зайнеттинова Динара Болатовнаның «Желінсаумен ауырған сиырларды емдеуге иммуномодулдеуші және микробқа карсы препаратты қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы диссертациялык жұмысы ҚР ҒжБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінін талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларынын 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және 6D120100 «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімімді ұсынамын. |

**Ресми рецензент:**
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ,
ветеринария ғылымдарының докторы,
ветеринариялық медицина кафедрасының профессоры Т.Ж. Абдрахманов

Ғылыми хатшы: Г.М.Дерипсалдина

«16» 10 2024 жыл